ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2025 жылғы 3 қараша №1513-25-00-2/2685 іс Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрелік етуші судья Б.А.Казтуганова,
электронды азаматық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақтөбе облысының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«BusinessPartner» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру
3. аванс өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 222, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақтөбе облысының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы-қанағаттандырылсын.

«BusinessPartner» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«BusinessPartner» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 409 530 (бір миллион төрт жүз тоғыз мың бес жүз отыз) теңге тұрақсыздық айыбы және 8 997 000 (сегіз миллион тоғыз жүз тоқсан жеті мың) теңге өндірілсін.

«BusinessPartner» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен жергілікті бюджет пайдасына 312 196 (үш жүз он екі мың жүз тоқсан алты) теңге

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 03.11.2025
Заңды күшіне енген күні: 12.12.2025, судья Казтуганова Б. А., 12.12.2025
1513-25-3-1/3599

мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья Б.А.Казтуганова

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 03.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 12.12.2025, судья Казтуганова Б. А., 12.12.2025

1513-25-3-1/3599